

## Герасимовка, Казачье ауылдарының көшелерін қайта атау және Герасимовка ауылының 2-кезектегі квартал құрылысының көшелерін атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Төлеген Тоқтаров ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 28 мамырдағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 14 маусымда N 5-17-168 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4-тармағына сәйкес және Герасимовка, Казачье ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, **ШЕШЕМІН:**

- Герасимовка ауылындағы келесі көшелердің атаулары төмендегідей өзгертілсін:
  - «Центральная» көшесі - «Дінмұхаммед Қонаев» көшесіне;
  - «Школьная» көшесі - «Александр Яковлевич Гутов» көшесіне;
  - «Набережная» көшесі - «Амантай Мухамадиев» көшесіне;
  - «Дружбы» көшесі - «Достық» көшесіне;
  - «Молодежная» көшесі - «Қабдурахит Темерғалиев» көшесіне.
- Казачье ауылындағы «Заречная» көшесі - «Әзілхан Нұршаихов» көшесіне өзгертілсін.
- Герасимовка ауылындағы 2-кезектегі квартал құрылысының көшелері төмендегідей аталсын:

	№	1	-	Е р т і с ;
	№	2	-	Қ ұ р ы л ы с ш ы л а р ;
№	3	-	Б а у ы р ж а н	М о м ы ш ұ л ы ;
№	4	-	Ж а м б ы л	Ж а б а е в .
- Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман Б. Куракпаеваға жүктелсін.
- Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Е. Турганов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК